

*1 наурыз – Алғыс айту күні

Алғысым шексіз Сізге!..



Қадірлі жерлестер!

Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!

«Алғыс алған арымас» деген екен бабаларымыз. Дана халқымыз әлімсақтан риясыз рақметтің нығметін жете түсінген. Көктемнің алғашқы күнінде аталатын жайдарлы мереке осынау танымнан тамыр тартса керек. Тағылымды күн биыл да қасиетті Рамазан айымен тұстас келіп, құндылықтар бір арнада тоғысуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, бұл күн – халықтың бір-біріне деген құрметінің, ризашылығы мен тілектестігінің нышаны. Алғыс айту күні – татулық пен достық салтанат құрған қоғамдағы ұлтаралық келісімді одан әрі нығайта түсіп, ортақ құндылықтарға құрметпен қараудың маңызын тағы бір мәрте шегелейтін, талайға мият болған дархан жұртымыздың кеңдігін дәріптейтін айрықша күн.

Осынау мерекеде баришаңызға ыстық ілтипатымды білдіре отырып, ел мен жердің дамуына, ауызбірлігі мен татулығына тілеулес бола білген әрқайсыңызға шынайы алғысымды білдіремін.

Тәуелсіз Отанымыздың келешегі жарқын, бағы баянды болсын. Әр шаңыраққа ырыс-құт, бақ-береке тілеймін!

Құрметпен,
Серік ШӘПКЕНОВ,
Атырау облысының әкімі

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, ойын ашық білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру қағидаттары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

*Сүйінші!

Бұдан артық бақыт бар ма?!



«Құс та болғым келмейді қанатым бар.

Қанатым бар күмістен жаратылған. Сәби болғым келеді, сәби болғым, Бұл өмірден хабарсыз жаңа туған», - деп Мұқағали ақын жырлағандай, дүниеге шыр етіп сәбидің келуінен артық қандай бақыт бар?!

Мақат ауданындағы Қосмұрзиевтер әулетінде ақ түйенің қарыны жарылды. Көптен күткен қуаныш бұл шаңыраққа үш бірдей сәбидің сыңғырлаған үнімен келді. Әселхан Кеңесова бір күнде үш қызғалдаққа өмір сыйлап, қазақтың санын көбейтті. Нәрестелерге ата-анасы ерекше үйлесіммен Қаракат, Қымбат және Сымбат есімдерін берген.

6 ақпан күні араға бір минут салып жарық дүние есігін ашқан үшем бір әулеттің ғана емес, тұтас өңірдің мерейін үстеді. Жас ана мен нәрестелер

перзентханадан аман-есен шығып, өз шаңырақтарына оралды.

Бұл отбасы бұған дейін бір ұл мен екі қыз тәрбиелеп отырған еді. Енді шаңырақ шаттығы еселеніп, бір ұл мен бес қыздың қызығына кенелмек. Қазақы ұғымда қыз – қонақ, қыз – ырыс. Ал бір үйге үш қыздың қатар келуі – әлбетте, бақ-берекенің артқанының белгісі.

Перзентханадан шығуына орай облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшылары жас ана мен сәбилерге арнайы барып, ізгі тілектерін білдіріп, сый-сияпаттарын табыстады.

– Бұл – біз үшін қуанышты жаңалық. Ана мен баланың жағдайы жақсы, осыған дейін бақылауда болды. Сәбилердің салмақтары 1 кг. 921 г., 2 кг. 275 г. және 2 кг. 204 г. болса, бойлары 44–45 сантиметр шамасында. Енді учаскелік дәрігерлердің қарауына тапсырылады,

- деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жанғалиева.

Сәбилерін бауырына алып, көңілі жайланған ана жүктілігінің жақсы өтуіне дәрігерлердің үлесі көп екенін айтады.

– Өзімнің де, жолдасым жақтан да егіздер болған. Үшем дегенді естігенде қатты таңғалдым. Дегенмен дәрігерлердің бақылауында болып, жүктілік кезеңі жақсы өтті. Босанғаннан кейін де мамандар көмегін аяған жоқ. Ақ халатты абзал жандарға алғысым шексіз. Сәби аңсаған барша әйелге үшем тілеймін, - дейді ол ағынан жарылып.

Ақ халатты абзал жандардың мәліметінше, Атырау облысында үшемнің дүниеге келуі сирек кездеседі. Соңғы рет мұндай қуанышты жағдай 2024 жылы тіркелген екен.

Еркеназ ҚАЛИЖАН



Өңірлік даму

6-7
Тірлігі
қазандай
қайнаған
ҚАЛА



Туризм

12
«Суық
полюске»
саяхат

Қазыналы қариямыз еді

Біз, мұнай-газ кешенінің ардагерлері Республика мұнай өнеркәсібінің қадірлі де қазыналы қариясынан – Қазақстанның еңбек сіңірген мұнайшысы, Атырау облысының, Атырау қаласының, Жылжой ауданының Құрметті азаматы, облыс үшін жетістік жол болған ұзақ та қиын сапарды бізбен бірге кешкен көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Есен Тасқынбайұлына айырылды. Бұл өте ауыр қаза болды.

Есен Тасқынбайұлы өзінің табиғи болмыс-бітіміне ата-бабаларымыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиетін терең дарытқан, ой-өрісі кең, жан-жақты білім, байсалды парасатпайым иесі болып, егемен елімізге аянбай қызмет етудің ақиқат жолын таңдаған, әрұяқит адал сөйлеудің үлгісін көрсеткен жан болды. Ол соған орай зор сенім мен құрметке бөленді. СОКП, ККП съездеріне делегат болды, төрт дүркін Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды, депутаттығына сайланды. Кеңес Одағы кезінде Еңбек Қызыл Ту, «Октябрь революциясы», «Халықтар достығы», еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері ІІІ дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет» ордендерімен марапатталды.

Біз Есен Тасқынбайұлының тағлым, тәжірибесі арқылы даму тарихы асырған асқан қазақ мұнайшының өткенін еске түсіріп, бүгінгі таңып, болашағын болжап отырушы едік. Оның сарабалдай пайымдауларынан еліміздің, облысымыз бен қаламыздың Әділетті Қазақстан идеясы аясында қайта түлеу, биікке қанат қағу гажайыптарын көргендей сенімде марқайып отырушы едік. Өйткені ол өмірден көрген-түйгені көп, әке-ана көрген, аға сыйлаған, халықтық тәрбиенің шынайы мектебінен өткен игі адам болатын.

Амал не, бүгін оның өмірден озғаны жөніндегі қайғылы хабарды қинала ести отырып, отбасына, ағайын-туыстарына, замандастары мен ізбасарларына, қамқорлығын көрген жастар қауымына қаза уайымын серпіп сейілетін кіршіксіз көңілімізді білдіреміз. Қиядағыны шалатын қырағы жанардың бейнесі, өнегелі өмір жолы біздің жүрегімізде ұзақ сақталатын болады.

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігі



Шаңырағымызға түскен қайғыға ортақтасып, демеген барша ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-көлем, дос-жаранға ризашылығымызды білдіре отырып, кимас бауыр, асыл жар, ардақты әке, немере-жендерінің сүйікті атасы, Ауған соғысының ардагері

Мұғалимов Абай Аманжанұлының
40 күндік қадесі 8 наурыз күні өз шаңырағында өтетінін барша жамағатқа хабарлаймыз.

Еске алушы: жолдасы, балалары Мекен-жайымыз: Миялы ауылы, Құттыбаева көшесі, 48/1

Хабарландыру

«West Dala» ЖШС 2026–2030 жылдарға арналған Қалдықтарды қайта өңдеу және орналастыру жөніндегі кешенді полигон үшін РКОҚ (РООС), НДВ, НДС, ПУО, ПЭК, ППМ жобалары бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Шеткі нүктелердің координаттары:
С – 47.339949° с.е.
О – 52.340084° ш.б.
Б – 47°20'26.24" с.е.
Ш – 52°20'19.30" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар келесі мекенжайда өтеді: Атырау облысы, Атырау қ., Қайыршақты ауылдық округі, Ақжар-2 ықшамауданы, 1-көше, 17А, Ақжар мәдениет үйі. Өткізілу күні: 06.04.2026 ж., сағат 11:00.

Тыңдау офлайн форматта өткізіледі, сондай-ақ онлайн режимде Teams платформасы арқылы бейнеконференция байланысы арқылы қатысуға болады.

Қосылу үшін: <https://teams.microsoft.com/join/42859893224207?p=mlaFDY7PBPFIgnJIS>
Жиналыс идентификаторы: 428 598 932 242 07
Құпия код: qV7RL7u7

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «West Dala» ЖШС, БСН 050 740 001 755. Мекенжайы: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бейбарыс ауылдық округі, Бейбарыс ауылы, 1-көше, 22-ғимарат. Байланыс тұлғасы: Сатанова С.Б., тел.: 8 (7122) 309–309 (ішкі 4230).

Жобаны әзірлеуші: ИП Мусаева, мекенжайы: Атырау қ., Жерұйық ықшамауданы, 8-көше, 3-үй.

Байланыс тұлғасы: Мусаева Е., ұялы тел.: 8 778 406 06 70, e-mail: e.korchunova@mail.ru.

Жоба материалдары келесі сайтта орналастырылған: Ескертулер мен ұсыныстар «НБД СОС және ПР» ақпараттық жүйесінде қабылданады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>

Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, мекенжайы: Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr_priroda@mail.ru Тел.: 8 (7122) 32-55-09.

«Каспий құбыр консорциумы-К» АҚ «КТГЖ учаскесінің құрылыс

конструкцияларын, өнеркәсіптік жаңбыр суларын тазарту қондырғысын, тазартылған ағынды суларды сорғы станциясын және Исатай МАС кабельді эстакадасының тіректерін қалпына келтіру және нығайту» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Қоғамдық талқылау 05.03.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні аралығында өтеді. ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде жобалық құжаттама пакетімен танысып, ескертулер мен ұсыныстар беруге болады. Анықтама телефоны: +7 771-121-05-97.

Нысан координаты: 47.17202, 50.79894; 47.16916, 50.80067; 47.16696, 50.79183; 47.16989, 50.78907.

Атырау қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімімен көрсетілетін Мемлекеттік қызметтер

Бөлім 4 түрлі мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді.

1. Арнайы техникаларды тіркеуге қою және есептен шығару. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021005>

2. Арнайы техникаларды жүргізуші куәлігін беру. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500011711>

3. Арнайы техникаларды жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500011710>

4. Арнайы техникалардың кепілін тіркеу. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500011708>

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдері келесідей:

* Тракторшы-машинист куәлігін берген кезде жеке тұлғаның құжаттары тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні.

* Техникалық байқаудан өткізу уақыты 10 жұмыс күні, егерде тұлға өзі келіп техникасын көрсететін болса 2 жұмыс күні уақытты алады.

* Техникаларды тіркеу, есептен шығару және телнұсқаны алу: 1) портал арқылы – 1 жұмыс күні; 2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы – 3 жұмыс күні.

* Кепілдікке қою және шығару 2 (екі) жұмыс күні.

Жоғарыда көрсетілген 4 мемлекеттік қызметтің 3 түрі Е-лицензиялау порталы арқылы электронды түрде, 1 қызмет (кепілге қою) қағаз жүзінде көрсетіледі.

Қызмет алушылар үшін бөлімде өз-өзіне қызмет көрсету бұрышы жасақталған, интернет желісіне қосылған компьютер, сканер аппараттарымен жабдықталған, келген қызмет алушылар үшін мамандар бағыт көрсетеді.

Аталған мемлекеттік қызметтер бойынша сұрақтармен Атырау қаласы, Махамбет Өтемісұлы көшесі, 72 мекен-жайға немесе 87122320169 телефонына хабарласуға болады.

«Каспий құбыр консорциумы-К» АҚ «Атырау мұнай тасымалдау жүйесіндегі жел электр станцияларының құрылысы. 220 кВ электр беру желісі» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық талқылау 05.03.2026 ж. бастап 5 жұмыс күні аралығында өтеді. ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде жобалық құжаттама пакетімен танысып, ескертулер мен ұсыныстар беруге болады.

Анықтама телефоны: +7 771-121-05-97.

Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі) мемлекеттік мекемесінің көрсететін мемлекеттік қызметі

«Атырау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі) мемлекеттік мекемесі төмендегі мемлекеттік қызметтің түрлерін көрсетеді:

– 2-разрядты спортшы;

– 3-разрядты спортшы;

– 1-жасөспірімдік разрядты спортшы;

– 2-жасөспірімдік разрядты спортшы;

– 3-жасөспірімдік разрядты спортшы спорттық разрядтары;

– Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы;

– Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы;

– Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы;

– Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер;

– Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер;

– Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы;

– спорт төрешісі біліктілік санаттары.

Мемлекеттік қызметті көрсету өтініші қабылдау және нәтижесін беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Атырау облысы бойынша филиалының Халыққа қызмет көрсету бойынша Атырау қаласының бөлімдері арқылы және «электрондық үкіметтің» веб-порталы: www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаралады. Қызмет алушының құжаттары бөлімге түскеннен кейін «Спорттық атақтар, разрядтар және біліктілік санаттарын беру және олардан айыру, омырауға тағатын белгілерді беру қағидаларын, сондай-ақ олардың сипаттамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 шілдедегі №300 бұйрықтың 3 қосымшасындағы стандарт бойынша құжаттары қабылданады. Құжаттар сәйкестігі «Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2014 жылғы 28 қазандағы №56 бұйрығымен тексеріледі. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі жасөспірімдер разрядтары мен біліктілік санаттарын беру туралы бұйрықтың көшірмесі немесе теріс шешім болған кезде дәлелді бас тарту болып табылады. Бөлімнің мекен-жайы: Атырау қаласы, Қ.Смағұлов көшесі №52А, қызметтік телефоны: 8 (7122) 453694.

2026 жылдың 19 наурыз күні сағат 11.00-де Зейнолла Қабдолов даңғылы, 1-ші құрылыс мекен-жайында орналасқан «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-нің кеңесінде 2026-2030 жылдарға арналған вагондардың тұрақтарына арналған кірме жолдарын ұсыну бойынша реттелетін қызметі жөніндегі «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-нің тарифі және инвестициялық бағдарламасы жобаларын талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Барлық мүдделі тұлғаларды талқылауға қатысуға шақырамыз.

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУ

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 17.01.2026 жылы қайтыс болған **Жубаев Жолдасхан Адилхановичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Исатай ауданы, Ақкыстау селосы, Егемен Қазақстан кеңесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына. Телефон: 8 (71231) 2-06-82. Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

2025 жылы 27 желтоқсанда қайтыс болған **Кадришев Таңатар** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Шеккалиева Венера Айбулатовнаға хабарласулары сұралады. Нотариустың мекен-жайы: Атырау қаласы, Балықшы ш.а., Қ.Ахмедияров көшесі, 30 а үй, тел.: +7 (775) 222-20-73 (КР ӨМ-мен 03.08.2006 жылы берілген №0000567 лицензиясы).

2026 жылы 30 қаңтарда қайтыс болған **Сауранбаев Қуандық Деменовичтің** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аймағының нотариусы Шеккалиева Венера Айбулатовнаға хабарласулары сұралады. Нотариустың мекен-жайы: Атырау қаласы, Балықшы ш.а., Қ.Ахмедияров көшесі, 30 А үй, тел.: +7 (775) 222-20-73 (КР ӨМ-мен 03.08.2006 жылы берілген №0000567 лицензиясы).

10.01.2026 жылы қайтыс болған **Кажимов Нурболат Казимовичтің** (25.11.1980 ж.т.) атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Атырау қаласы, Абай көшесі, 14а-4 мекен-жайына келулері сұралады. КР ӨМ 12.12.2002 жылғы №0001243 лицензия қолданушы нотариус Л.К.Самешева

18.02.1960 жылы туған, 20 қараша 2025 жылы қайтыс болған **Темесова Гүлсім Кабушевнаның** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Лайкова Лиза Жасталповнаға хабарласулары сұралады. Мекен-жайымыз: Атырау қаласы, Құрманғазы көшесі, 8/5, байланыс телефоны: 8 702 500 28 76. Лицензия №18007980 санды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 20 сәуір 2018 жылы берілген.

Нотариус Лукпанова Лаура Есмағзмовна хабарлайды: 1998 жылы 5 тамызда қайтыс болған **Джумағалиев Тағат Кайруллин** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 74 үй, 15 кенесіге - «Нотариус» орналасқан нотариалдық кенесіге хабарласулары сұралады. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек комитеті 23.12.2022 жылы берген №22025612 мемлекеттік лицензияны қолданушы Лукпанова Лаура Есмағзмовна. Анықтама тел.: 8 702 400 02 58.

Нотариус Лукпанова Лаура Есмағзмовна хабарлайды: 2026 жылы 27 қаңтарда қайтыс болған **Джумағалиев Ақсиз Бигалевнаның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 74 үй, 15 кенесіге - «Нотариус» орналасқан нотариалдық кенесіге хабарласулары сұралады. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек комитеті 23.12.2022

жылы берген №22025612 мемлекеттік лицензияны қолданушы Лукпанова Лаура Есмағзмовна. Анықтама тел.: 8 702 400 02 58.

Нотариус Лукпанова Лаура Есмағзмовна хабарлайды: 1996 жылы 1 мамырда қайтыс болған **Ермағамбетова Канжанның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 74 үй, 15 кенесіге - «Нотариус» орналасқан нотариалдық кенесіге хабарласулары сұралады. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек комитеті 23.12.2022 жылы берген №22025612 мемлекеттік лицензияны қолданушы Лукпанова Лаура Есмағзмовна. Анықтама тел.: 8 702 400 02 58.

2018 жылы 17 қарашада қайтыс болған **Бисенова Даметкениң** (14.05.1928 жылы туған) мұралық ісінің ашылуына байланысты барлық мұрагерлердің жеке нотариус Г.М.Утеповаға хабарласулары сұралады. Мекен-жайы: Қ.Сәтбаев көшесі, 40А-101, тел.: 20-16-99, 8 701 777 00 48. Лицензия №0000383, 01.02.2006 ж. КР ӨМ берген

Нотариус Джумашева Гулсара Мухитовна хабарлайды: 2022 жылы 16 қарашада қайтыс болған **Мусин Қайулының** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске, Атырау қаласы, Авангард 4 мөлтек ауданы, 12 үй, 58 пәтерде орналасқан нотариалдық кенесіге хабарласулары сұралады. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек комитеті 8 сәуір 2011 жылы берілген №0003325 санды лицензиясын мемлекеттік лицензия қолданушы, Атырау нотариаттық аумағының жеке нотариусы Джумашева Гулсара Мухитовна. Анықтама тел.: 87014739333.

Нотариус М.С.Сүлейменова хабарлайды: 02.10.2025 жылы қайтыс болған **Жубаев Адилханның** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Исатай ауданы, Ақкыстау селосы, Егемен Қазақстан кеңесінде орналасқан «ШАД» сауда орталығына. Телефон: 8 (71231) 2-06-82. Лицензия №0002271. Берілген күні 12.12.2008 ж.

2026 жылы 5 ақпанда қайтыс болған **Измуханов Саламаттың** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлері болса, Медеуғалиева Ляззат Елтановнаның, Атырау нотариаттық округінің нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек комитетімен 2015 жылы 13 шілдеде берілген №15012988 лицензиясы негізінде қызмет етуші, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, «Құлгер» сауда үйі мекен-жайы бойынша хабарласулары сұралады. Тел.: 87014326258.

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 29.12.2025 жылы қайтыс болған **Халиков Ерик Зинуровичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй, тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

Атырау нотариаттық округінің нотариусы №15007793, КР ӨМ 27.04.2015 жылы берілген лицензиямен әрекет етуші Таспаев Бисенбай Избасович хабарлайды. 11.02.2026 жылы қайтыс болған **Айтұров Қанат Қуатовичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор поселкесі, Галия Сүлейменова көшесі, 100 үй, байланыс телефоны: 87027420470.

Атырау облысының нотариусы Д.Б.Кушкенова хабарлайды: 16.10.2025 жылы қайтыс болған **Джумабаев Нурберген Кайргалиевичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат поселкесі, С.Бекжанов көшесі, 13 Б үй, 19 пәтер, байланыс телефоны: 8712393-42-11. Лицензия №13000262, 14.01.2013 ж.

2025 жылы 19 желтоқсанда қайтыс болған **Сейтов Беймбет Досенбековичтің** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлері болса Социалов Биіржан Берикбуловичтің, Атырау нотариаттық аймағының нотариусы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 4 мамыр 2021 жылы берілген №21017054 лицензиясы негізінде қызмет етуші, Атырау облысы, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, №42, №8 каб. кеңесіне хабарласулары сұралады. Тел.: 8 775 150 87 52.

Нотариус Ажибекова Гульнара Карсыбековна, лицензия №15017217, КР ӨМ 23.09.2015 жылы берілген, 31.01.2026 жылы қайтыс болған **Нурқалидов Амрхан Жауақашевичтің** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің нотариуске хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Абай көшесі, 17 А, «Берекет» ғимараты, телефоны: 87022739383.

2026 жылы 7 ақпанда қайтыс болған **Кайриев Нурлы Сұлтанбековичтің** атына мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлердің Атырау нотариаттық аумағының нотариусы Джолдасбаева Жанар Куандықовнаға хабарласулары сұралады. Нотариустың мекен-жайы: Атырау қаласы, Абай көшесі, 18 үй, тел.: 32-27-39. (КР ӨМ-мен 01.12.2008 жылы берілген №0002230 лицензиясы)

2026 жылы 19 қаңтарда қайтыс болған **Губаничев Александр Николаевич** (28.09.1963 ж. т.) атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 17 үй, 1/3 кенсе. Жұмыс телефоны: 87785229940. Нотариус Қызылова Эльмира Қанатқызы. Лицензия №13016173, 12.10.2013 ж. КР ӨМ

Атырау нотариалдық аймағының нотариусы А.К.Саркулова хабарлайды: 01.02.2026 жылы қайтыс болған **Бисенғалиев Жайлыбай Дүйсебайұлының** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты барлық мұрагерлердің мына мекен-жайдағы нотариустың кеңесіне хабарласулары сұралады: Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы, Абай көшесі №25 үй, тел.: 8-(71236)-2-13-04, 87784822044. 23 шілде 2002 жылы берілген, лицензия №0001099.

«Ломбард ЖАЙЫҚ» ЖШС сатылып алынбаған кепілдендірілген мүлікке 2026 жылғы 11 наурызда сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін саудасаттық голландық әдісімен өткізілетін аукцион мына мекен-жай бойынша жүргізілетінін хабарлайды: Атырау қаласы, Лесхоз ықшам ауданы, 10 үй, 17 кенсе, accountant@zolotoiy.kz, тел: 8(775) 387-71-98.

Атырау Газет 1923 жылғы сәуірдің 1-нен шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«АТЫРАУ-АҚПАРАТ» ЖШС
Бас директор
Нурболат ЕЛЕУСІНОВ

Бас редактор **Назарбек ҚОСШИЕВ**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі – 45-86-43.
Бас редактордың орынбасары – **А.Базарбаев**
Жауапты хатшы – **Д.Мұхамбеталиев**

«atr.kz» сайтының редакторы – **А.Қурманшаев, тілшілер – Е.Қайыпжан, Т.Ермек**

Арнаулы тілші –